

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

Тағамтану кафедрасы №3

---

СӨЖ:

**Емдік тамактанудағы стандартты өмдемдер жүйесі**

Орындаған: Әбдікәрім Алтынай  
Факультет: Жалпы медицина  
Топ: 12-02

# Жоспар:

## I. Кіріспе бөлім

## II. Негізгі бөлім

- Емдік тағам белгілеудің негізгі принциптері.
- Емдік тағам дайындау барысындағы кулинариялық өндеудің ерекшеліктері.
- Кейбір ауруларға берілетін емдік үй тағамдары.
- Науқастарды жасанды тамактандыру.

## III. Қорытынды бөлім

Пайдаланылған әдебиеттер

**Емдік тағам** - науқасқа басқа да емдік шаralар кешенімен бірге белгіленетін тағам. Емдік тамактану емдік шаralар кешенімен бірге бірқатар аурулардың алдын алу және асқындырмай емдеу үшін пайдаланылады. Гастрит, ішкі жара аурулары, тоқ ішектің қабынуы, бауыр аурулары үшін емдеудің негізгі әдісі болып табылады. Станционарлық немесе емхана жағдайында қолданылады. Емдік тамактануды дәрігер кеңесі бойынша және оның бақылауымен жүргізіледі, өз бетімен белгіленген тұрақты диета денсаулық үшін қолайсыз жағдайларға ұшыратуы мүмкін.



# Емдік тағам белгілеудің негізгі принциптері

Әр адамға жеке белгіленеді:

- ✓ Тағам үлесін (рацион);
- ✓ Тамақ ішу режимін;
- ✓ Кулинариялық өндеу.

# Емдік тағам белгілеудің негізгі принциптері

**Тағамдық рационның** патологиялық процесс сипатына және сырқаттың жағдайы мен оның организімінің ерекшелігіне сандық (рационды азайту және көбейту) және сапалық (организмнің жекелеген азық-тұлік пен тағамдық заттарды қабылдауын тоқтату немесе шектету) жағынан сәйкес келуін қадағалау.

**Теңестірілген** (негізгі тағамдық заттардың неғұрлым үйлесімді арақатынасы) және физиологиялық жағынан құнды рациондар жасау болып табылады.

Емдік тағамдарда сандық және сапалық тамақ өзгерістері қолданылады. Мұнымен ас қорыту мүшесін механикалық және химиялық бұзылудан сақтауға, ауру мүшеге қолайсыз әсер ететін заттың түсуін шектеуге немесе сырқат организмге өте қажет және оның қызметін жақсартуға әсер етіп, қалыпты жағдайға келуіне жәрдемдесетін химиялық заттарды толықтыруға болады. Емдік тағамдар диеталық талаптарға сай, әр сырқаттың талғамын қанағаттандыратындей әр түрлі болғаны дұрыс. Егер тағам шектелетін болса, сырқат организмі оны жеңіл көтеретін болуын қарастырған жөн.

## Емдік тағам дайындау барысындағы кулинариялық өндеудің ерекшеліктері

Емдік тағам дайындау азық-түлікті кулинариялық өндеудің өзіндік ерекшеліктері бар:

- жүрек, бауыр, бүйрек ауруларына **тұзсыз диета** белгілеу;
  - тұзсыз тамақ науқас адамның тәбетін жоймас үшін тамаққа қант, бал, лимон қышқылын, әр түрлі жеміс-жидек қосып, оған қышқыл не тәтті беру;
  - кейбір тағамдарға әуелі қайнатылған, соナン соң қуырылған пияз қосу.
- **үгілген тағамдарды** пайдалану (пісрілген көкеністерді үккіштен немесе елеуіштен өткізу, жармаларды ұнтақтап алу);
- тамақты **буға пісіру** (асқазан және ішек аурулары, жұқпалы аурулар және т.б.).
- тағам **температуры**;
  - ыстық тағамдар үшін ең қолайлы температура 60°C,
  - салқын тағамдар үшін - 10°C.
- Аса ыстық және өте суық тағамдар өңештің кілегейлі қабатын және асқазанды тітіркендіреді.

## СИСТЕМА СТАНДАРТНЫХ ДИЕТ

Стандартные диеты	Номерные диеты (N 1 - 15)
Основная	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 9, 10, 13, 14, 15
Щадящая	1б, 4б, 4в, 5п (I вариант)
Высокобелковая	4з, 4аг, 5п (II вариант)
Низкобелковая	7б, 7а
Низкокалорийная	8, 8а, 8о, 9а, 10с



# Кейбір ауруларға берілетін ем – дәмдер

**№1 диета (1а, 1б) - асқазанның, он екі елі ішек жарасы кезінде, асқазан сөлінің жоғары және қалыпты қышқылды гастритімен ауырғанда белгіленеді:**

- Тамақ су не буда пісріледі де, көбінесе үгітілген күйінде беріледі;
- дайын тамақ температуrasesы – 60°С;
- тамақ ішу жиілігі күніне 5-6 рет;
- күндізгі ас үлесі: белок - 100 г., май - 100 г., көмірсу - 400-450 г., ас тұзы - 10-12 г.
- рұқсат етілмейтіндер: қуырылған, тұздалған, сүрленген, маринадталған, ащы және қышқыл тамақтар, шикі көкөністер мен жемістер, ірі тартылған ұннан пісрілген нан, ашыған қамыр, құймақ, татымдылықтар, ет, балық және саңырауқұлақ сорпалары мен тұздықтар (соус), ак қауданды мынжапырақ, табиғи жидек пен жеміс шырындары, консервілер, оның ішінде үй жағдайында дайындалып консервіленген компоттар.



**№2 диета - гастритте** - асқазан сөлінің қышқылы төмен болған жағдайда ток ішектің ауруларында (бұл аруулар тек асқынбаған жағдайда) кезінде белгіленеді:

- Тамақ көбінесе суға немесе буға пісіріледі (кейде кейбір тамақтарды қуыруға болады), үстелге жақсы ұсақталған күйінде қояды;
- Тамақты күніне төрт реттен аз ішумен ұсынылады;
- Күндік ас үлесі құрамы: белок - 100 г., май - 100 г., көмірсу - 400-450 г., ас тұзы - 12-15 г.
- Рұқсат етілмейтіндер: пияз (шикі), сарымсак, қымыздық, саумалдық, шалқан, сірке сұы, қыша, ұнтақталған бұрыш, ақжелкен, ысталған, тұздалған, маринадталған тағамдар.

**№3 диета - созылмалы іш қату** ауруына шалдыққандарға белгіленеді: ас дайындау кезінде (басқа ауруы болмаған жағдайда) өсімдік, сондай-ақ мал майына ұзағырақ қуырылады;

- Құрғақтау ботқа ұсынылады;
- Тамақ қабылдау жиілігі - күніне 4-5 рет;
- Күндік ас үлесінің құрамы: белок - 85-100 г., май - 100-120 г., көмірсу - 400-500 г.
- Рұқсат етілмейтіндер: кисель, ащы шай, какао, көкжидек, екі-үш күн тұрып ашыған сүт тағамдары, кептірілген нан, сұйық ботқа, картоп пюресі, жұмыртқа (шикі және шала пісірілген), ақ нан, самса және майда тартылған ұннан пісірілген кондитер өнімдері.

**№4 диета (4а, 4б, 4в)** - бұл диетаның әр түрлі варианттары ас қорытудың бұзылуымен қоса қабат келетін жедел және созылмалы ішек аурулары (**колит**) жағдайында белгіленеді. Жазыла бастағанда 4в диетасын ұстанған дұрыс:

- тамақ суға не бұға пісіріледі;
- дайын тамақ ұстелге майдаланабаған күйінде қойылады;
- тамақты аз мөлшерде күніне 4-5 рет ішу ұсынылады;
- күндік ас үлесі кұрамы: белок - 100 г., май - 70 г-ға дейін, көмірсу - 250 г., ас тұзы - 8-10 г.
- рұқсат етілмейтіндер: таза табиғи жеміс-жидек шырындары, қаймағы алынбаған сүт, бұрыш, қыша, сірке сұы, ақжелкен, қуырылған, аңы және қышқыл, тұздалған, маринадталған тамақтар.

**№5 диета (№5а, 5п) - бауыр және өт жолдары ауыратын адамдарға белгіленеді:** тамақ суға не бұға пісіріледі және қебінде ұнтақталмаған күйінде беріледі;

- тамақ қабылдау жиілігі - күніне 4-5 рет;
- күндізгі ас үлесі: белок - 100 г., май - 100 г. (оның үштен бір бөлігі өсімдік майы), көмірсу - 400-450 г., ас тұзы - 10-12 г.
- рұқсат етілмейтіндер: қуырылған, майлы, аңы және қышқыл, сүрленген, тұздалған және маринадталған тамақтар, ет, балық және саңырауқұлақ сорпалары, қой, шошқа, қаз, үйрек етінен жасалған тағамдар, ми, пияз, сарымсақ, шалқан, тұрып, саумалдық, ақжелкен, қыша, бұрыш, сірке сұы, ет және балық консервілері, тұздығы және майлы тұздығы бар тамақтар; өт жолына тас байланған жағдайда бұларға қосымша қант қайнатпа, бал және кондитер өнімдерін шектеген дұрыс.

**№6 диета-подагра және несеп жолдарының ауруларымен ауырғанда белгіленеді:** кұрамында пуринасы аз тамақтар -көкөністер мен жемістер, сүт, жұмыртқа, қайнатпа, дәндер;

- сүйкі ішуді көбейту, әсіресе табиғи шырындар;
- тамақ ішу жиілігі күніне 4 рет;
- күндік рацион құрамы: белок - 80-90 г., май - 80-90 г., көмірсу - 400 г;
- рұқсат етілмейтіндер: ет, балық және саңырауқұлақ сорпалары, консервілер, қақталған еттер, тұздықтар, спиртті ішімдіктер, тұзды ірімшіктер, тұздалған және маринадталған көкөністер, кондитер өнімдері.



**№7 диета (№7а, №7б) - бүйрек қабыну ауруына шалдыққандарға белгіленеді.**  
Бос сүйкітықты, ас тұзы мөлшерін азайту;  
Тамақ қайнатылған және бұға пісірген күйінде беріледі;  
 Тағам рационынан белокты шектеу;  
 күндік рацион құрамы: белок - 20 г., май - 80 г., көмірсу - 400 г;  
 рұқсат етілмейтіндер: ет, балық және саңырауқұлақ сорпалары, консервілер, қақталған еттер, тұздықтар, спиртті ішімдіктер, тұзды ірімшіктер, тұздалған және маринадталған көкөністер, кондитер өнімдері.

## **№8 диета - семірге шалдыққан науғастарға белгіленеді:**

- тамақ рационында көмірсу, май, тәбет аштын заттарды шектеп, калориялылығы аз тағамдарды пайдаланады;
- тамақ кез келген кулинариялық тәсілмен тұзсыз дайындалады;
- тамақ ішу жиілігі күніне 4-5 рет, кейде көбірек ішу ұсынылады;
- күндік рацион құрамы: белок -90-130 г., май - 60-90 г., көмірсу - 100-200 г., ас тұзы - 3-5 г (дайын асты тұздау үшін).
- дәрігердің белгілеуі бойынша диетаны жартылай ашығу күндерімен кезектестірген дұрыс.

## **№9 (9а, 9б) диета - қант диабеті кезінде белгіленеді:**

- тағам рационында көмірсу пен май мөлшері шектеледі;
- күндік рационның химиялық құрамы емдеуші дәрігер беретін арнайы таблица арқылы мөлшерленеді;
- тағамды әр түрлі әдіспен дайындауға болады;
- тамақ ішу жиілігі күніне 4 реттен аз болмауы керек;
- қанттың орнына ксилит, сорбит ұсынылады;
- кебек қосылған арнай нандар;
- көкөністерді 8-12 сағат суда ұстап крахмалын азайту керек;
- қанттан басқа бал, қайнатпа, жұзім, інжір және қарбызды пайдалануға болмайды.

**№10 (10а, 10с, 10и) диета - бүйректің, жүрек - қан тамыр жүйесінің кейбір аурулары кезінде белгіленеді:**

- рационда ас тұзы мен сұйық ішу азайтылады;
- тاماқ суға не буға пісіріледі;
- қуырлған тاماқ жеуге тыйым салынады;
- тұзсыз тағамдардың дәмін келтіру үшін сүт, ірімшік, жеміс және жеміс соустарынан жасалған пудингтерді пайдалану ұсынылады;
- тамаққа қант, бал, лимон, лимон шырыны мен қышқылын, қою томат шырынын, ванилин, дәмқабық, қалампыр қосуға болады;
- күндік ас үлесінің құрамы: белок - 80 г., май - 7 г., көмірсу - 350-400 г., ас тұзы - 3 г, сусын мөлшері 0,8 литрден аспағаны жөн.

**№11 диета - туберкулез және өкпенің ірінді аурулары кезінде, ұзакқа созылған ауыр науқастан жазыла бастағанда белгіленеді:**

- белоктардың, май, көміртегі, кальций және фосфор тұздарының құрамы арттырылады;
- көбінесе сүттен жасалған тамақтарды пайдалану арқылы рациондағы мал өнімдерінен алынатын белок мөлшерін арттыру;
- С дәрумені бар (көкөніс, жеміс-жидек, итмұрын, қайнатылған су);
- В дәрумені тобы (бауыр, ашытылған сусындар);
- күндік тاماқ ішу жиілігі - 4 рет;
- күндік рацион құрамы: белок -120 г., май - 120 грамға дейін, көмірсу - 500 г., кальций - 1,6 - 2 г., фосфор - 1,6 г.

**№12 диета - жүйке жүйелері ауруларына шалдыққанда белгіленеді.**

**№13 диета - асқынған жүқпалы аурулармен ауырған науқастарға белгіленеді.**

**№14 диета - бүйрекке тас байланған кезде (фосфатурия) белгіленетін диета.**

**№15 диета - арнайы емдік тағам белгіленбейтін басқа ауру түрлеріне қолданылады.**

Кей жағдайда ауыр науқастарды ауыз қуысы арқылы тамақтандыру мүмкін болмайды /ауыз қуысы аурулары, асқазан-ішек құрылышы, естүссіз жағдайларда т.б.. Мұндай жағдайларда жасанды жолмен тамақтандырады. Жасанды тамақтандыру ағзаға асқазан зондының, клизманың көмегімен немесе парентералды /веналық немесе тері асты/ жолымен қоректік заттар енгізу болып табылады. Жасанды тамақтандыру кейде қалыпты тамақтануға қосымша болады.

Жасанды тамақтандыру келесі жолдармен жүзеге асады:

1. Ауыз, мұрын арқылы немесе гастростома арқылы енгізілген зонд көмегімен;
2. Клизма көмегімен қоректік ерітінділерді енгізу;
3. Қоректік ерітінділерді парентералді (куре тамырға тамшылатып) жолмен енгізу.

- Клизма көмегімен тік ішек арқылы 300-500 мл жылы (37-38°C) глюкоза ерітіндісі, натрий хлоридінің изотониялық ерітіндісі, аминоқышқылдар ерітінділері енгізіледі.
- **Парентералді тамактану** ас қорыту жолдарының өткізгіштігі бұзылғанда, қалыпты тамактану мүмкін болмаған жағдайларда (ісіктер) және асқазан, өңешке операция жасалғаннан соң тағайындалады. Парентералді тамактану үшін аминоқышқылдар ерітінділері, 5% глюкоза ерітіндісі қолданылады. Сонымен қатар электролит ерітінділері, В тобы витаминдері, аскорбин қышқылы енгізіледі. Оларды енгізуден алдын су моншасында дене температурасына дейін жылтылады, күре тамырға тамшылатып жіберіледі. Ерітінділерді жіберу жылдамдығын қатаң бақылау қажет.

# **Пациентті ақсазан тесігі (гастростома) арқылы тамақтандыру**

**Қажетті заттар:** Жуан ақсазан зондын, залалсыздандырылған домалақ (түйме) зондты, воронканы, вазелин майын, 250-500мл 30-35°С дейін қыздырылған сұйық тамақтарды (дәрігердің тағайындағанына байланысты).

## **Iс- әрекеттер:**

- Қолыңызды тазалап жуыңыз.
- Зондтың домалақ басына вазелин майын жағыңыз.
- Ақсазанның тесігіне орнатылған домалақ (түйме) зонд арқылы ақсазанға зондты жіберіңіз.
- Зондтың екінші жағына воронканы (оймышты) жалғастырыңыз.
- Ақсазанға өзірлеген сұйық тамақты (көлемі дәрігердің тағайындауы бойынша) зонд арқылы жіберіңіз.
- Зондты ақсазанда қалдыру керек болған жағдайда оны тамақтың қалдығынан тазарту үшін 20-40 мл қайнаған жылы сумен жуыңыз.
- Қарын тесігінің (гастростоманы) айналасындағы теріні калий перманганатының әлсіз ерітіндісімен жуып, Лассар пастасымен майлаңыз.
- Ақсазан және домалақ (түйме) зондты судың ағынымен жуып, қайнатып, аузы жабық ыдыста сактаңыз.



## Ректальды немесе тамақты тік ішекке клизма арқылы жіберу

Егер науқастың өңешінен ас өтпей қалса, өңешке немесе өңештің асқазанға құяр жеріне операция жасалса, қоректік заттарды клизма арқылы тік ішекке жібереді. Тік ішек арқылы қоректік заттар жіберу үшін бір сағат бұрын тазалау клизмасын жасау қажет.

Клизма арқылы жіберетін **коректік заттар**: 5% глюкоза, 0,9% натрий хлорид ерітіндісін, амин қышқылы ерітіндісін 37-38°C жылдызып, 300-500мл мөлшерде резенке грушаның көмегімен жасайды. Осы тәртіппен тәулігіне 3 -4 рет жібереді. Қоректендіру клизмасын жиі пайдалануға болмайды, себебі одан тік ішек сфинктері тітіркеніп, жара пайда болуы мүмкін. Осындай асқынулар болмау үшін тік ішекті ұқыпты жуып тұру керек.

## **Парентеральды немесе қоректік заттарды қан тамыры арқылы жіберу**

Асқазанға жасалған операциядан кейін, ісік болғанда ас қорыту жүйесіндегі аурулар кезінде парентералдық тамактандыруды белгілейді. Бұл үшін 5% глюкоза ерітіндісі, белокты препараттарды, дәрумендерді, минеральды тұздарды, жүйе /система/ арқылы тамшы күйінде жібереді. Қоректік заттарды қанға құяр алдында 37-38°C –қа дейін жылтыу керек. Қоректік ерітінділерді қанға тамшылатып жібергенде оның тамшылар жылдамдығына мұқият қараған жөн. Мысалы, гидролизин, гидролизат казеин ақуызы, фибринсол, полиаминдерді алғашқы 30 минут ішінде минутына 10-20 тамшы жылдамдықпен тамызу керек, осы аралықта науқас тараапынан ешқандай өзгеріс байқалмаса, онда минутына 40-60 тамшы жылдамдықпен тамызуға болады.

Полиамин ерітіндісін алғашқы 30 мин ішінде минутына 10-20 тамшы, содан соң 1 минутта 25-35 тамшыдан тамызады. Липофундин S /10% ерітінді/ алғашқы 10-15 минут ішінде минутына 15-20 тамшыдан тамызылады, ал науқас тараапынан ешқандай өзгеріс болмаса, бірте-бірте тамшы жылдамдығын көбейтеміз, минутына 60 тамшыға дейін жіберуге болады. Мысалы, 500мл ерітіндіні құю 3-5 сағатқа созылады.

Ақуызды препараттар қанға жылдам кетсе, онда науқастың екі беті қызыарып, денесі ысып, тынысы тарылады. Сол себепті қоректік заттарды қан тамыры арқылы жібергенде өте мұқият болған жөн.

## Қорытынды:

«Ас - адамның арқауы» немесе «Ауру - астан» дейді халық, олай болса, адам организмінің өсуіне, жетілуіне, зат алмасуына тамақ ауадай қажет. Өйткені біздің организмізге керекті заттар осы тамақ арқылы шамадан тыс ретсіз қабылданса, оның организмге зиян келтіретінін де естен шығармауымыз керек. Қабылданған тамақ асқазанда, ішекте, қорытылып сіңген соң, ол жүрек, өкпе, бүйрек, нерв жүйесі сияқты адамның ішкі мүшелерінің қызметіне, дененің өсуіне жұмсалады. Адамның күнделікті тағамына белок, көміртегі, май, витаминдер, су және минералды заттар болғаны дұрыс.

## **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- «Диетология», под редакцией А.Ю.Барановского, 3-е издание, 2006г.
- <https://eda.wikireading.ru/131302>
- Статья: «Главное в лечебном питании»,  
Бебишева Г.В.

**Назарларыңызға  
рахмет!!!**